

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

БЕКІТЕМІН
Ғылыми кеңес төрағасы,
ректор, ҚР ҰҒА академигі

_____ **Газалиев А.М.**

« ___ » _____ **2016 ж.**

ДОКТОРАНТТАРҒА АРНАЛҒАН ПӘН БОЙЫНША ОҚЫТУ
БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)

TFM 7201 «Техниканың философиялық мәселелері» пәні

Ваз 1 «Базалық» модуль

6D071800 «Электр энергетика» мамандығы

Оқыту түрі – күндізгі, ғылыми-педагогикалық

Энергетика, автоматика және телекоммуникация факультеті

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

Докторанттың пән бойынша оқу бағдарламасын (Syllabus)
ф.ғ.к. Балшикеев С. Б. жасап шығарды

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының отырысында
талқыланды

Хаттама № ____ « ____ » _____ 2016 ж.

Кафедра мең. _____ « ____ » _____ 2016 ж.

(қолы)

Архитектура және құрылыс факультетінің оқу-методикалық кеңесімен
мақұлданды

Хаттама № _____ от « ____ » _____ 2016 ж.

Төраға _____ « ____ » _____ 2016 ж.

(қолы)

ҚарМТУ КОМ бірге мақұлданды

Басқарма басшысы _____ « ____ » _____ 2016 ж.

(қолы)

Оқытушылар туралы мәлімет және байланыс ақпараты

Балшикеев Серик Балтабаевич - ф.ғ.к., тел. 51-43-42

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы ҚарМТУ 1 корпусында орналасқан (Бейбітшілік бульвары, 56), аудитория 223, байланыс телефоны 56-59-32 (2052).

Пәннің еңбек сыйымдылығы

Оқу мерзімі	Кредит саны/ECTS	Оқудың түрі			ДӨЖ сағат саны	Сағаттың жалпы саны	Бақылау формасы		
		Сағат саны						ДӨЖ сағат саны	Барлық сағат
		Лекциялар	Тәжірибелік сабақ	Лабораториялық сабақ					
1	5/3	-	45	-	45	90	45	135	Емтихан

Пәннің мақсаты – техника дамуының теориясы мен тәжірибесі және оның философиялық мәселелері бойынша нақты білімді қалыптастыру, бұл жоғары білікті маманның дүниетанымдық және тұжырымдамалық-әдістемелік дайындығының міндетті құраушысы болып табылады.

Пәннің міндеттері – ғылым мен техниканың өзара әсері және оны зерттеу жолдары туралы, сонымен қатар техника және техникалық білімнің ерекшелігі туралы көрініс;

- Жаратылыстану және техника тарихын қарастыру;
- Ғылыми және техникалық білімнің, ғылыми-техникалық қызметтің әлеуметтік табиғатын негіздеу, бұл мамандардың уәждемелік құрылымын қызметтерінің гуманистік мәнін түсіну арқылы байытуға әсерін тигізеді;
- Техника философиясы білімін меңгеру кезінде маңыздылығы еш күмән келтірмейтін мәселелерге көңіл аудару арқылы жеке қызығушылықты қалыптастыру: заманауи өркениеттің өзекті сұрақтары, ғылыми-техникалық прогрестің іргелі мәселелері, ғылыми-техникалық дамудың жаңа стратегияларын іздестіру.

Барлық мамандықтардың мемлекеттік стандартына сәйкес докторант берілген пәнді меңгеру нәтижесінде:

Білуге тиіс:

- ғылым философиясының негізгі бағыттарын, мәселелерін, теориясы мен әдістерін; ғылым мен мәдениеттің басқа салалары мәселесін философиялық талдау;
- ғылымды танудың формасы және әдістері;
- әдемдік ғылым дамуының негізгі заңдылықтары және үрдістері;
- ғылым және қоғамның өзара байланысының дау туғызушы мәселелерін талқылайтын заманауи философиялық пікірталастар болуы.

Істеуге тиіс: - заманауи әлеуметтік-гуманитарлық тану дамуының әр түрлі үрдістерін бағалау және талқылау үшін философияның ережелері мен

категориясын қолдану;

- ғылым және техника философиясының әр түрлі мәселелері бойынша өз көзқарасын дәйектеу;
- ғылымның жағдайына объективті және өз бетінше анализ жасау және оны ғылыми және кәсіби қызметінде пайдалану;
- ғылыми жұмысқа керек философиялық білімге қажеттіліктерін бағалау және анықтау;

Білікті:

- методологиялық амалдардың түрлерінде бет алу;
- берілген ғылым саласында күрделі теориялық және қолданбалы міндеттерді өздігінен қою және шешуге қабілетті болу;
- ғылыми зерттеудің заманауи қағидаларын есепке алғанда таңдалған салада терең білімді көрсету және қолдану;
- ғылым салаларын зерттеу методологиясын игеру және оны ғылыми-зерттеу қызметінде қолдану.

Пререквизиттер

Берілген пәнді оқу үшін келесі пәндерді меңгеру қажет: «Философия», «Ғылым тарихы және философиясы», «Қазіргі заман жаратылыстануының концепциясы».

Постреквизиттер

«Техниканың философиялық мәселелері» пәнін меңгеру кезінде алынған білімдер арнайы пәндерді оқу кезінде, сонымен қатар философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияны жазу және қорғауға дайындық кезінде қолданылады.

Сабақ түріне байланысты пәннің құрылымы және олардың сыйымдылығы

Бөлім атауы (дәріс атауы)	Сабақ түріне байланысты оқу сыйымдылығы, сағат саны		
	Практика	ДООЖ	ДӨЖ
1. Техника философиясының негізгі мәселелері және пәні. Техника және техникалық ғылымның философиялық мәнін түсінудің ерекшелігі. Техника философиясының пәні, негізгі ортасы және басты міндеті. Ғылым философиясы мен техника философиясының өзара қатынасы. Техниканың мәдениеттегі бейнесі: дәстүрлі және жобалық мәдениеттер.	5	5	5
2. Адамзат қоғамының тарихында техника	7	7	7

<p>және технология қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Техника және технологияның қалыптасуы мен дамуының негізгі тарихи кезеңдері; техниканың эволюциялық дамуының және технологиялық революцияның мәні және ерекшеліктері.</p> <p>Ғылым және техника. Ғылым мен техниканың өзара қатынасының дамуының негізгі кезеңдері. Инженерлік қызмет дамуының заманауи кезеңі.</p>			
<p>3. Техника болмысы сұрағына қатысты негізгі методологиялық амалдар. Антропологиялық амал: техника органопроекция ретінде. Э.Капптың техника философиясының негіздері, А.Эспинастың «Әрекет философиясы». Ф.Бонның технофилософиялық тұжырымдамасы. М.Хайдеггердің, К.Ясперстің және Х.Ортеги-и-Гассеттің. П.Энгельмейер: техникалық ғылым мен жобалаудың анализі. Ф.Дессауер жасаған техниканың технологиялық негіздемесі. Техниканың әлеуметтік қызметін және әсерін зерттеу; технократия және техногенді өркениеттің теориясы (Ж.Эллюль, Л.Мэмфорд, Франкфурт мектебі). Техниканың әлеуметтік-саясаттық анализі. Техниканың марксистік және постмарксистік сындары. Техника, капитализм және қазіргі қоғам құрылысы. Техниканың ағарту дәуірі идеяларымен байланысы және Т.Адорно мен М.Хоркхаймердің «аспаптық ақыл-ой» сыны. Ю.Хабермас: техника және идеология. Мәдениеттің индустрализациясы және қазіргі қоғам өмірінің барлық салаларының технизациясы.</p>	8	8	8
<p>4. Ғылым және технологиямен техниканың байланысы. Ғылым және техниканың өзара қатынасының негізгі тұжырымдамалары. Техникалық ғылымдардың ерекшелігі, олардың жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдар және математикамен байланысы. Техникалық ғылымдардың негізгі түрлері. Техникалық ғылымның тәртіптік ұйымы: ғылыми-техникалық тәртіп және ғылыми-техникалық</p>	5	5	5

тәртіптердің отбасы түсінігі.			
<p>5. Техниканың әлеуметтік-мәдениеттік аспектілері. Ғылыми-техникалық саясат және қоғамның ғылыми-техникалық прогресін басқару мәселелері. Ғылыми қызметтің мәселелері, ғалым мен жобалаушының этикасы және әлеуметтік жауапкершілігі, оларды іске асырудың заңдық аспектілері. Техника дамуы мен қызметінің әлеуметтік, экономикалық, экологиялық және басқа салдарын кешенді, жүйелі талдау және бағалау мәселелері. Ғылыми қызметтің нормалары, ғалым мен жобалаушының этикасы және әлеуметтік жауапкершілігі, оларды іске асырудың моральдік және заңдық аспектілері.</p> <p>Заманауи техниканы гуманизациялау және экологизациялау мәселесі; ғылыми-техникалық және шаруашылық жобалардың әлеуметтік-экологиялық экспертизасы. Техногенді өркениеттің негізгі белгілері және ерекшеліктері. Тұрақты даму тұжырымдамасындағы ғылыми-техникалық прогрестің жаңа түсінігі және критерийлері.</p>	5	5	5
<p>6. Ғылым мен техниканың философиясы және заманауи өркениеттің жаһандық мәселелері. Постнеклассикалық ғылым және техногенді өркениет дүниетанымының өзгерісі. Ғылым дифференциациясы мен интеграциясының заманауи үрдістері. Заманауи жаһандық дағдарыстарды жеңу жолындағы ғылымның рөлі. Тарихи дамитын жүйенің заманауи көрінісінің дамуында сызықты емес динамика және синергетиканың рөлі. Жаһандық эволюционизм и заманауи ғылым әлемі.</p>	5	5	5
<p>7. Этикалық және әлеуметтік жауапкершіліктің көзқарасы бойынша инженерлік қызмет. Этикалық мәселелер және техниканың аспектілері. Батыс Еуропа философиясындағы техниканың өнегелі аспектілерінің мәнін түсіну. Технологиялық детерминизм тұжырымдамасын сынау. Техниканы әлеуметтік бағалаудың және оның салдарының мәселелері. Инженер-техниктің</p>	5	5	5

жауапкершілігі: техногенді экологиялық зардап жауапкершілігінің шамасы және таратылуы. Инженер жауапкершілігінің мәселесі және инженерлік этика. Инженер адамгершіліктің қызметшісі ретінде. Ғылым мен жоғары технологиялардағы гуманитарлық бақылау мәселесі. Экологиялық этика және оның философиялық негіздері. Ғылыми-техникалық прогрестің моральдік бағасы. Адамзаттың жаһандық мәселелері: этикалық ұғыну.			
8. Техниканың техникалық, техницизмге қарсы және диалектикалық-гуманистік философиясы. Техницизм және антитехницизм – бұл техника философиясының бір-біріне қарама-қарсы метафизикалық философиялық-дүниетанымдық бағыттары және орнатылуы. Сцентизмнің әлеуметтік идеалы. Сцентизм және антисциентизм. Техницизмнің және технократиялық ойлаудың 21 ғ. жаңаруы. Неотехницизм, заманауи техника мен технологияның гуманизациясы. Техниканың диалектикалық-гуманистік философиясы.	5	5	5
БАРЛЫҒЫ:	45	45	45

Семинар сабақтардың тақырып тізімінің үлгісі

	Техника және технологияның мәні мен болмысы, қалыптасуының, дамуының және жұмыс істеуінің ерекшелігі.
	Техника мәдениеттің ерекше формасы ретінде.
	Техникалық ғылымның болмысы және ерекшелігі, олардың жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар мен математикамен байланысы.
	Ғылымның, техниканың және өндірістің өзара әсерлесуі; бұл әсерлесудің объективті негіздері және нақты формалары.
	Жобалаудың және инженерлік қызметтің социологиясы мен методологиясы
	Қоғамның ғылыми-техникалық прогресін басқару кезіндегі ғылыми-техникалық саясат және мәселе.
	Заманауи техниканы гуманизациялау и экологизациялау мәселелері;

	Ғылыми-техникалық және шаруашылық жобаның әлеуметтік-экологиялық экспертизасы.
	Заманауи ғылыми-техникалық шығармашылықтың ерекшелігі. Жүйелі техникалық және қоғамдық техникалық жобалау.

Докторант білімін бағалау критерийі

Пән бойынша емтихандық баға межелік бақылаудың максималды көрсеткіштерінің (60% дейін) және қорытынды емтиханның (40% дейін) қосындысы болып табылады және кестеге сәйкес 100% дейінгі мәнді құрайды.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Әріптік бағаның цифрлық баламасы	Алынған білімнің пайыздық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Саясат және шаралар

«Техниканың философиялық мәселелері» курсы менгеру кезінде келесі тәртіпті ұстануды сұраймын:

1. Сабаққа кешікпеу.
2. Еш себепсіз сабақтан қалмау, ауырған жағдайда анықтама қағазын көрсету, басқа жағдайда – түсініктеме қағазын.
3. Оқу үрдісіне белсенді араласу.
4. Курстастар мен оқытушыларға шыдамды, ашық және мейірімді болу.

Семинар сабақтардың тақырып тізімінің үлгісі

	Техника және технологияның мәні мен болмысы, қалыптасуының, дамуының және жұмыс істеуінің ерекшелігі.
	Техника мәдениеттің ерекше формасы ретінде.
	Техникалық ғылымның болмысы және ерекшелігі, олардың жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар мен математикамен байланысы.
	Ғылымның, техниканың және өндірістің өзара әсерлесуі; бұл әсерлесудің объективті негіздері және нақты формалары.
	Жобалаудың және инженерлік қызметтің социологиясы мен методологиясы
	Қоғамның ғылыми-техникалық прогресін басқару кезіндегі ғылыми-техникалық саясат және мәселе.
	Заманауи техниканы гуманизациялау и экологизациялау мәселелері; ғылыми-техникалық және шаруашылық жобаның әлеуметтік-экологиялық экспертизасы.
	Заманауи ғылыми-техникалық шығармашылықтың ерекшелігі. Жүйелі техникалық және қоғамдық техникалық жобалау.

Докторанттың өздік жұмысына арналған сұрақтар тізімінің үлгісі

1. Техника генезисі.
2. Философиялық инженерлер және техниканың бірінші философтары.
3. Техниканың әлеуметтік бағасы.
4. Техника шарттарының, мақсаттарының және тексерісінің этникалық рефлексиясы.
5. Техникалық прогресстің және оның қоғам мен адамзатқа әсері бағасының моральдық мәселелері.
6. Ғылыми-техникалық дамуды кешенді бағалау кезіндегі әлеуметтік-гуманитарлық білімнің рөлі.
7. Техника өнері және тілі.
8. Әлеуметтік жобаландыру.
9. Жаңа заман мәдениетіндегі техника дамуының үлгісі ретінде электротехниканың қалыптасуы.
10. Техногенді өркениеттің қалыптасуы.
11. Әлемнің дәстүрлі ғылыми-инженерлік бейнесі және технократиялық дискурс.
12. Техногенді өркениеттің дағдарысынан шығу жолын іздеу.
13. Қазіргі заманның мегатенденциялары.

Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру графигі

Бақылау түрі	Тапсырманың мақсаты және құрамы	Ұсынылған әдебиет	Орындалу ұзақтығы	Бақылау формасы	Тапсыру мерзімі
ДОӨЖ жұмысы	Жоспарға сәйкес курсты оқу	Тапсырма жоспары бойынша негізгі және қосымша әдебиет, конспект	Семестр бойы	Ағымдық	1, 2, 3, 4, 5,6,7,8,9, 10,11,12, 13,14,15 апталарда
Коллоквиум	Меңгерілген материалды тексеру	Конспект	3 контакттық сағат	Ағымдық	6,12 аптада
Рефераттар орындау	Теориялық білімді бекіту	Конспект	3 контакттық сағат	Межелік	7,14 аптада
Эссе	Докторанттың аналитикалық қабілетін дамыту	Конспект, негізгі әдебиет	3 контакттық сағат	Ағымдық	8,13 аптада
Жазбаша емтихан	Алынған білімнің деңгейін тексеру	Конспект, негізгі әдебиет	3 контакттық сағат	Қорытынды	Сессия уақытында

Негізгі әдебиет

1. Адорно Т.В. О технике и гуманизме // Философия техники в ФРГ.- М., 1989. 364-371 б.
2. Аристотель Метафизика. М., 1978.
3. Бэкон Ф. Великое восстановление наук. Сочинения в двух томах. Т.1. М., 1971.
4. Бердяем Н.А. Человек и машина // Вопросы философии. 1989. № 2.
5. Кун Т. Структура научных революций. – М., 1975.
6. Лакатос И. Методология научных исследовательских программ // Вопросы философии. 1995, №4.
7. Поппер К. Логика и рост научного знания. М., 1983.
8. Фейерабенд П. Избранные труды по методологии наук. М., 1986.
9. Хайдеггер М. Вопрос о технике // Хайдеггер М. Время и бытие: Статьи и выступления. М., 1993.
10. Шпенглер О. Человек и техника // Культурология. XX век: Антология. – М., 1995. 454-495 б.
11. Яспрес К. Современная техника // Новая технократическая волна на Западе. М.: «Прогресс», 1986.
12. Verbeek, Peter-Paul, What Things Do: Reflections on Technology, Agency, and Design (2005)

Қосымша әдебиет

1. Аль-Ани Н.М. Философия техники: очерки истории и теории: Учебное пособие. – СПб., 2004.
2. Башляр Г. Новый рационализм – М., 1987.
3. Вайнгарт П. Отношение между наукой техникой: социологическое объяснение // Философия техники в ФРГ. – М., 1989. 131-161 б.
4. Горохов В.Г., Розин В.М. Введение в философию техники: Учебное пособие. – М., 1998.
5. Горхов В.Г. знать, чтобы делать: (история инженерной профессии и ее роль современной культуре). – М., 1987.
6. Горюнов В.П. Техника и природа. – Л., 1980.
7. Зиферле Р.П. Исторические этапы критики техники // Философия техники в ФРГ. – М., 1989. 257-272 б.
8. Иванов Б.И., Чешев В.В. Становление и развитие технических наук. – Л., 1987.
9. Изотов М.З., Фидирко В.А., Шайкемелев М.С. Наука в Казахстане: история и современность (философское исследование в двух книгах). – Алматы: ҚР БҒМ ФЖСИ; 2006.-216 б.
10. Кормер В.Ф. Человек плюс машина // Вопросы философии. 1997. №8.
11. Крупп Х. Чего люди сегодня ожидают от техники? // Философия техники в ФРГ. – М., 1989. 440-449 б.
12. Лем С. Сумма технологий. – М., 1968.
13. Ленк Х. Ответственность в технике, за технику, с помощью техники // Философия техники в ФРГ. – М., 1989. 372-392 б.
14. Ленк Х. Размышления о современной технике. – М., 1996:
15. Митчем К. Что такое философия техники? – М., 1995.
16. Новая технократическая волна на Западе. – М., 1986.
17. Степин В.С. Научное познание и ценности техногенной цивилизации // Вопросы философии. 1989. №10.